"Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы" ММ
ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК ақпараттандыру
ХАТТАМАСЫ №3

Күні: 19.08.2024 жыл уақыты: 14 30

Отырысқа директордың орынбасарлары және бөлім меңгерушілері қатысты. Ақпараттандыру кәсіпорынның мәжіліс залында баяндама және әңгіме түрінде жүргізілді.

Күн тәртібі: ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында түсіндіру жұмыстары.

Негізідеме: жоспарланған.

Отырысты жүргізген: төрайым етуші Л.О. Толеуханова
комплаенс-офицер Е.Б. Нургазиев

Отырыс баяндамасы және қорытындысы

Өз кезегінде қатысушылардың назарына қосымша ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының принциптері мен мақсатын және кей талаптарын жеткізе кетуді жөн санап келесідей жайттарды атап өттілді.

Қазақстан Республикасының аумағында және заңнамалық жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы әрекет етеді.

Көрсетілген Заң негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүзеге асырылатын мынадай қағидаттарды айқындайды:

_ заңдылық;
_ адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
_ жариялылық және ашықтық;
_ мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
_ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
_ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
_ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу;
_ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы.

Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы іске асырылады:

_ қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру;
_ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
_ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
_ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
_ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу.

Қарастырылып отырған ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасарының хатында келген және басқа да әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауаптылық ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 676 – 681 баптарында қарастырылғаны және олардың құрамы қатысушыларға түсіндірілді.

Осылайша түсіндірме жұмыс нәтижесінде директор келесідей тапсырмалар қойды:

1. күнделікті жұмыс кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларын басшылыққа алу және шектеулерді қатаң сақтау;
2. ұжымда сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікпен қарау, оған қарсы әрекет ету

Директор **Л. Толеуханова**

Комплаенс-офицер **Е. Нургазиев**